

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 1 из 22



М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚМУ-да ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже бірлескен білім беру бағдарламалары мен қос дипломдық білім беруді ұйымдастыру және іске асыру процедураларын, тәртібі мен талаптарын анықтайды.
- 1.2. Осы Ереже Дублиндік дескрипторлар мен құзіреттіліктердің негізіндегі оқыту нәтижелерінің сипаттамаларынан, жалпы және пәндік құзіреттіліктердің анықтамаларынан, модульдік қағидат бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеуге қойылатын талаптардан тұрады.
- 1.3. Осы Ережені М.Қозыбаев атындағы СҚМУ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, профессорлық-оқытушылық құрамы, қызметкерлері мен білім алушылары қолданады.
- 1.4. Қос дипломдық білім берудің (ҚДББ) мақсаты қазақстандық жоғарғы мектептің халықаралық білім беру кеңістігіне практикалық түрде кіріктірілуін дамыту болып табылады. Берілген бағыт жоо-ның білім беру сапасын, ғылыми зерттеулерді, университеттің әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұрғысынан дамудың стратегиялық мүдделеріне және Болондық үрдістің негізгі қағидалары мен ережелеріне сәйкес келеді.
- 1.5. Қос дипломдық білім беру бағдарламаларын әр түрлі формаларда іске асыру қажет:
 - 1) екі білім беру бағдарламасы бойынша бірлескен диплом;
 - 2) әр түрлі мәртебеге ие екі диплом;
 - 3) бірдей мәртебеге ие екі диплом.
- 1.6. Бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ) – бұл Қазақстан Республикасы мен өзге елдердің кәсіби білім беру саласы мамандарының университет түлектерін даярлау сапасы мен мамандардың еңбек нарығындағы қажеттілігін арттыру саласындағы бірлескен жұмыс тәжірибесі (В қосымшасы).
- 1.7. Жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі білім берудің БББ айрықша сипаттамаларына төмендегілер жатады:
 - білім алушылардың іргелі және гуманитарлық даярлығын күшейту;
 - оқытудың теориялық және практикалық қатынасын өзгерту;
 - білім алушылардың жаңа ақпараттық технологиялар мен құзіреттіліктерді меңгеруге бағдарлануын күшейту.
- 1.8. БББ мақсаты – білім берудің өзекті ғылыми, әдістемелік және практикалық проблемаларын шешу және оларды оқу үрдісіне енгізу, әлеуметтік мәдени құбылыс ретінде қарастырылатын экономиканың нақты саласына арналған маман мен құзіреттіліктер моделін жасау; оған Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі оң өзгерістерге септігін тигізетін ортақ білім беру кеңістігіндегі мамандықтардың мазмұны негізделеді.

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 2 из 22

- 1.9. Жаңа заманғы білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдіснамасы қазақстандық жоо-ларға еуропалық білім беру жүйесін енгізуге негізделеді және келесі қағидаларды ұстанады:
- Дублиндік дескрипторлар мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көп деңгейлі білім берудің мазмұнын түсіну;
 - құзіреттілік тәсілі білім беру бағдарламаларын жобалау негізі ретінде;
 - Дублиндік дескрипторлар негізінде білім беру бағдарламаларын қалыптастырудың модульдік қағидасы.
- 1.10. Еңбек нарығының жалпы талаптары қазіргі түлектердің еңбек нарығы мен қоғамның артып жатқан қажеттіліктеріне үлес қосуға қабілетті болатындай ең заманауи пәндік білімдері бар трансверсальді, пәнаралық және инновациялық дағдылар мен құзіреттіліктердің біріктірілуіне негізделеді.
- 1.11. Білім беру бағдарламасының еңбекті қажет етуінің шартты бірлігі ретінде ECTS кредиттерін қолдану керек, олар бейіннің дәрежесіне, оқытудың нәтижелеріне, құзіреттіліктерге, студенттердің оқу жүктемесіне бірігуі керек, сондай-ақ бағалау процедурасындағы оқыту нәтижелеріне қол жеткізуден тұруы тиіс.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 2.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚРЗ Заңы (2016 жылғы 09 сәуірдегі өзгертулері және толықтыруларымен бірге);
- 2.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары;
- 2.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген оқу үрдісін оқытудың кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастыру ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы №198 бұйрығындағы өзгертулері және толықтыруларымен бірге).

3. АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде келесі негізгі анықтамалар қолданылады:

- 1) **академиялық ұтқырлық** – белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғарғы оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) өз жоо-сында немесе өзге жоо-да оқуын жалғастыру үшін кредиттер түрінде меңгерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта есепке алу жүретін оқыту үшін немесе зерттеулер жүргізу үшін білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді орын ауыстыру;
- 2) **академиялық дәреже** – білім беру ұйымдары қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша оқытудың тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға табыстайтын дәрежесі;
- 3) **академиялық еркіндік** – білім беру үрдісінің субъектілеріне таңдау бойынша компонент пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын өздігінен анықтау үшін білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасау және оқытудың жаңашыл технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында ұсынылатын өкілеттіктер жиынтығы;

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 3 из 22

- 4) **қос дипломдық білім беру** – екі тең бағалы дипломды немесе бір негізгі және екінші қосымша дипломды алу мақсатымен екі оқу жоспары (білім бағдарламасы) бойынша қатар оқыту мүмкіндігі;
- 5) **дескрипторлар** – бұл оқытудың/қүзіреттіліктердің нәтижелерінің барлық спектрінен тұратын сипаттама. Жоғары білім беру саласында қолданылатын дескрипторлар – бұл білім мен түсінуге, білім мен түсінуді қолдануға, талқылауға (дұрыс талқылау қабілеті), білім алу қабілетіне, коммуникативтік қабілеттерге жіктелетін деңгейлік дескрипторлар;
- 6) **еуропалық трансферт (ауыстыру) және кредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS)** – білім беру бағдарламаларының (пәндердің, курстардың, модульдердің) компоненттеріне есептік бірліктерді (кредиттерді) табыстау әдісі, оның көмегімен білім алушылар білім беру траекториясын, оқу орнын және оқып жатқан елін ауыстырған кезде меңгерілген оқу пәндерін салыстыру және қайта есепке алу жүргізіледі;
- 7) **жеке оқу жоспары** – білім алушылар эдвайзердің көмегімен өздігінен типтік оқ жоспары мен элективті пәндер каталогының негізінде әрбір оқу жылына қалыптастыратын оқу жоспары;
- 8) **пәннің сипаттамасы** – пәннің мақсаттарынан, міндеттері мен мазмұнынан тұратын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);
- 9) **орташа үлгерім ұпайы (GPA)** – таңдалған бағдарлама бойынша пәндер бойынша кредиттер мен аралық аттестаттау бағалары ұпайларының сандық эквивалентінің аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына қосындысы сомасының қатынасы ретіндегі бір оқу жылы үшін анықталатын білім алушының оқу жетістіктерінің орташа есептелген бағасы;
- 10) **транскрипт** – тиісті оқыту кезеңі үшін кредиттер мен бағалар әріптік және сандық көріністе көрсетілетін меңгерілген пәндердің тізімінен тұратын құжат;
- 11) **элективті пәндер** – білім алушының жеке даярлығын көрсететін, нақты аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму және қажеттіліктерінің ерекшелігін, жоғары білім беру орнының орныққан ғылыми мектептерін ескеретін, білім беру ұйымдары енгізетін және белгіленген кредиттер шеңберінде таңдалған компонентке кіретін оқу пәндері.

4. БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ

4.1. Қос дипломдық білім беру бағдарламалары екі серіктес жоо арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл кезде қос дипломдық білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттарына төмендегілер жатады:

- 1) екі серіктес жоо арасында келісілген білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын әзірлеу және бекіту;
- 2) қос дипломдық білім беру енгізілген студенттердің білім беру бағдарламасының бөлігін серіктес жоо-да меңгеруі;
- 3) серіктес жоо-дағы оқыту нәтижелері мен кезеңдерін келісімдер, жалпы қағидалар мен сапаны қамтамасыз ету стандарттарының негізінде міндетті түрде мойындау және автоматты түрде қайта есептеу;
- 4) оқытушыларды қос дипломдық білім беруге тарту, білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын бірлесіп әзірлеу, серіктес жоо-да білім беру, ортақ қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу;

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Қозыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 4 из 22

- 5) қос дипломдық білім беру бағдарламаларын толық меңгерген студенттерге әрбір серіктес жоо-ның дәрежесі, немесе келісімдер негізінде бір ортақ дәреже табысталады.
- 4.2. Қажет болған жағдайда, білім алушылардың қос дипломды білім беру бағдарламасын меңгеру ұзақтығы оны іске асырудың таңдалған моделіне байланысты бакалавриатта – 1-1,5 жылға, магистратурада – 0,5-1 жылға, ал докторантурада – 1 жылға созылады.
- 4.3. Бірлескен бағдарламаның негізі – бірлесіп әзірленген Оқу жоспары, ол оқытудың жалпы нәтижелері бар модульдер кезектестігі болып табылады. ЖОЖ-да кредиттер көлемі көрсетілген пәндер ұсынылған.
- 4.4. БББ және ҚДБ бағдарламаларын М.Қозыбаев атындағы СҚМУ мен серіктес жоо-лар; жоо мен білім алушылар арасында жасалатын қызметтестік туралы қос тараптық келісімшарт негізінде әзірлеу керек;
- 4.5. БББ және ҚДБ іске асыру туралы келісімшарт төмендегілерді баяндайтын ережелерден тұруы тиіс:
- қос дипломдық білім беру және бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау және таңдау тәртібі (критерийлері), білім алушылардың мәртебесі (құқықтары және міндеттері);
 - бағдарламаның мазмұны мен құрылымы (оқу жоспары, оқыту ұзақтығы және жалпы еңбек қажеттілігі, білім алушыларға қойылатын талаптар);
 - М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен серіктес жоо-лар арасында Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне, әрбір жоо ұсынатын ресурстардың сипаты мен көлеміне негізделген функцияларды (міндеттерді) үлестіру;
 - бағдарламаны қаржыландыру көздері мен тәртібі, серіктес жоо-лар арасында қаржылық міндеттемелерді бөлу;
 - М.Қозыбаев атындағы СҚМУ мен серіктес жоо-ларда бағдарламаны басқару органдарының құрылымы, оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібі;
 - БББ және ҚДБ іске асыру туралы келісімшартты өзгерту (оның ішінде ұзарту немесе бұзу) тәртібі, сондай-ақ бағдарламаны іске асыру барысында туындайтын дауларды шешу тәртібі;
 - М.Қозыбаев атындағы СҚМУ мен серіктес жоо-ларда оқыту сапасын қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу іс-шаралары;
 - бағдарламаға қатысатын білім алушылардың, оқытушылар мен әкімшілік құрамның ұтқырлығын ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде серіктес жоо-ларға іссапар және қабылдау, тұру және медициналық қызмет көрсету сауалдары);
 - серіктес жоо-лардың оқыту нәтижелерін (кезеңдерін) өзара мойындау тәртібі;
 - ақпараттық қамтамасыз ету (қолдау) және бағдарлама маркетингі бойынша іс-шаралар;
 - М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен серіктес жоо-лар БББ және ҚДБ аяқталғаннан кейін беретін құжаттың түрі мен мәртебесі;
 - әрбір серіктес жоо-ның дәрежесін, немесе келісімдер негізіндегі бір ортақ дәрежені табыстау.
- 4.6. БББ және ҚДБ іске асыру үшін серіктес жоо таңдау кезінде төмендегілер назарға алынады:
- серіктес жоо-да жоспарланатын ортақ бағдарлама бойынша М.Қозыбаев атындағы СҚМУ беретін құжатқа сай келетін білім туралы құжатты беруге құқық беретін ресми лицензияның (және аккредиттелудің) болуы;

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 5 из 22

- серіктес жоо-лардың рейтингі, серіктес жоо-лардың қызмет салалары, маманданымдары;
 - серіктес жоо-мен алдыңғы қызметтестік тәжірибесі;
 - серіктес жоо-ның бағдарламаның сәтті қызмет етуі үшін қажетті кадрлық, ақпараттық және материалдық қорларды қамтамасыз ету қабілеті;
 - серіктес жоо-ның БББ және ҚДБ шеңберінде академиялық ұтқырлық жасайтын серіктес жоо-ның білім алушылары, оқытушылары мен әкімшілік құрамы үшін адекватты және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету қабілеті (оның ішінде, қажет болса, трансфер, тұру және медициналық қызмет көрсету);
 - ғылыми зерттеулер және т.б. өткізу үшін материалдық-техникалық және лабораторлық базаның болуы.
- 4.7. Білім алушыларды БББ және ҚДБ бағдарламаларына қосу процедуралары өзара келісімдер негізінде серіктес жоо-лар арасында әзірленуі керек. Берілген процедуралар білім алушыларды өз жоо-сында қос дипломдық білім беру бағдарламасына қос үрдісін және шетелдік білім алушылардың қос дипломдық білім беру бағдарламасына қосылу үрдісін көрсету тиіс.
- 4.8. Білім алушыны қос дипломдық білім беру бағдарламасына қосуды оның өтінішінің негізінде серіктес жоо-мен жасалған келісімшартқа (меморандум) сәйкес орындау қажет (Қосымша А).
- 4.9. Білім алушы серіктес жоо-да есепке алыну процедурасын өтуі тиіс.
- 4.10. Қос дипломдық білім беру бағдарламасына қосылған шетелдік білім алушылар білім алушылардың жалпы контингентіне есепке алынудың ұқсас процедураларын «қоса енгізілген білім» атты ерекше белгімен және оқыту кезеңінің, мерзімінің, пәндердің саны мен меңгерілетін кредиттер көлемінің көрсетілуімен өтуі тиіс.
- 4.11. Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізімінен, олардың еңбек қажеттіліктерінен (кредиттер және сағаттар түрінде), семестрлер, меңгеру жүретін серіктес-жоо-лар бойынша үлестіруден, қайта есептеу тәртібінен тұруы тиіс. Білім алушының жеке оқу жоспарына қосымша білім беру модульдері мен жазғы семестрлерді енгізу керек.
- 4.12. Қажет болған жағдайда, білім алушылардың қос дипломды білім беру бағдарламасын меңгеру ұзақтығы оны іске асырудың таңдалған моделіне байланысты бакалавриатта – 1-1,5 жылға, магистратурада – 0,5-1 жылға, ал докторантурада – 1 жылға созылады.

5. БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

- 5.1. БББ және ҚДБ мазмұны типтік оқу жоспарларымен және жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарымен анықталады және білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарының сипаттамалары арқылы іске асырылады.
- 5.2. БББ жасау және бекіту үшін әрбір серіктес жоо-ның міндеттерді үлестіру және жұмысты реттеу жөніндегі мамандарынан тұратын бірлескен комиссиясы құрылады.
- 5.3. Серіктес жоо-лар өз тараптарынан әзірлеушілерді материалдық және қаржылық қолдау мәселесі бойынша дербес болып келеді.
- 5.4. БББ бойынша оқыту келісілген оқу жоспарлары мен пәндердің оқу бағдарламаларының, білім алушыларды оқыту және білімдерін бағалау әдістерінің, серіктес жоо-ларда оқыту нәтижелерін өзара мойындау негізінде іске асырылады; әрбір серіктес жоо білім алушылар үшін де, оқытушылар үшін де тікелей

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 6 из 22

қатысатын және қашықтан оқыту формаларын өткізу үшін жағдайлар жасайды. Бұл кезде оқытушы серіктес жоо-да болатын кезде оның жұмыс орны мен еңбекақысы сақталады, іссапар шығындары ҚР нормативтік-реттеуші құжаттарына сәйкес төленеді.

- 5.5. Білім беру бағдарламалары модульдік қағида бойынша құрылады. Бұл кезде әрбір серіктес жоо модульдердің әзірленуін, ақпараттық-әдістемелік және дидактикалық сүйемелдеуді, оқытушыларды даярлау мен сертификаттауды қамтамасыз етуі керек.
- 5.6. Білім беру бағдарламасы модулінің негізін құзіреттіліктер құрайды. Білім беру бағдарламасындағы құзіреттіліктер – оқыту үрдісінде алынған білім, дағдылар мен қабілеттерді практикалық қолдану қабілеті.
- 5.7. ҚР бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша оқыту үрдісінде білім алушыларға ғылыми негіздер, жалпы, кәсіби, коммуникативтік және ақпараттық құзіреттіліктер беріледі.
- 5.8. Жалпы білімділікті анықтауға арналған құзіреттіліктер негізгі білім беру бағдарламасының жалпы құзіреттіліктері деп аталады.
- 5.9. Белгілі бір кәсіби қызметтегі білімділік деңгейін анықтауға арналған құзіреттіліктер негізгі білім беру бағдарламасының кәсіби құзіреттіліктері деп аталады.
Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби құзіреттіліктері коммуникативтік құзіреттілікке қойылатын талаптардың, жалпы-кәсіби (негізгі) құзіреттіліктердің талаптарының, ғылыми-зерттеу саласындағы, педагогикалық саладағы, қолданбалы қызметтегі, жобалық қызметтегі, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі даярлау бейіні ескерілетін қызмет түрлері бойынша арнайы құзіреттіліктерге қойылатын талаптардың негізінде қалыптасады.
Кәсіби құзіреттіліктерді жұмыс берушілер мен білім беру қызметтерінің өзге тұтынушылары, берілген саланың мамандары әрбір мамандық үшін жеке қалыптастырады.
- 5.10. Ғылыми-зерттеушілік құзіреттіліктер студенттердің дипломалды тәжірибеден өтуі және магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде, сондай-ақ дипломдық жұмысты (жобаны) және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау кезінде қалыптасады.
- 5.11. Мамандық шеңберіндегі мүмкін құзіреттіліктер – бұл жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру үрдісінде сөздің кең ауқымында басшылық ету қабілеттерін қалыптастыру (мысалы, білім берудегі менеджмент, білім берудегі ақпараттық технологиялар, экономика, кәсіби ақпараттық бағдарламалар), сондай-ақ коммуникативтік құзіреттіліктер.
- 5.12. Мамандық шеңберінен тыс қосымша құзіреттіліктер – бұл түлектік физикалық даярлық талаптары, сондай-ақ техникалық және кәсіби колледжде және т.б. оқу барысында алынған құзіреттіліктер.
- 5.13. БББ және ҚДБ іске асыру үшін пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін, мультимедиялық оқ құралдары мен электрондық бақылаушы материалдарды әзірлеу және олардың болуы; Ғаламторға шығу мүмкіндігінің болуы; кітапхана қорларына, ақпараттық базалар мен желілік ақпарат көздеріне ену еркіндігінің; жоо-лар, факультеттер, кафедралар, оқытушылар мен білім алушылар арасындағы электрондық байланыс тәсілдерін әзірлеу және олардың болуы қажет.
- 5.14. Оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу және бекіту формасы мен тәртібін әрбір серіктес жоо өздігінен анықтайды.
- 5.15. БББ-де серіктес жоо-да оқытылатын пәндердің кредиттер түріндегі тізімі мен еңбек қажеттілігі анықталады, онда оқыту мерзімдері, оқу сабақтарының формалары,

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 7 из 22

бақылау формалары көрсетіледі, оқу жылының соңында серіктес жоо әрбір білім алушыға оқылған пәндердің тізімі мен қол жеткізген нәтижелері көрсетілген транскрипт береді.

- 5.16. БББ және ҚДБ бағдарламасы бойынша білім алушы мамандықтың типтік оқу жоспарының міндетті компонентіне кіретін барлық пәндерді, сондай-ақ серіктес жоо білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарына кіретін пәндерді меңгеруі керек (таңдау бойынша пәндер ретінде). Білім алушыға барлық тәжірибелер түрлері мен қорытынды аттестаттауды толық көлемде өту міндеттеледі.
- 5.17. БББ және ҚДБ оқу жоспарларын әзірлеу кезінде серіктес жоо-лар оқыту траекториясын өздігінен анықтауы керек, оған пәндерді меңгеру, оқу және кәсіби тәжірибелерден өту тәртібі, аралық аттестаттау процедуралары кіруі тиіс.
- 5.18. Серіктес жоо-да меңгерілген кредиттерді қайта есепке алу, оқу жоспарының пәндеріндегі айырымды жою тәртібі мен мерзімдері Кредиттерді қайта есептеу ережелеріне сәйкес ресімделеді.
- 5.19. Тіркеуші кеңсесі есепке алынған пәндер мен кредиттер санын серіктес жоо-ның белгісімен академиялық транскриптке енгізеді.
- 5.20. Серіктес жоо-да бағдарламаның шетелдік бөлігін сәтті іске асыру үшін куратор тағайындалады. Білім алушылардың ғылыми жетекшілері серіктес жоо профессорлық-оқытушылық құрамының қатарынан тағайындалады және бекітіледі.
- 5.21. Дипломдық жұмысты (жобаны) және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау білім алушы оқуын аяқтайтын жоо базасында жүргізіледі.
- 5.22. Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптар орындалғаннан кейін, білім алушыға академиялық дәреженің берілуі туралы белгіленген үлгідегі екі диплом мен екі транскрипт беріледі. Бұл кезде диплом жеке құжат формасында (бір немесе екі ұлттық жоо дипломдарына қосымша берілетін), ортақ құжат формасында (берілген білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық дипломдардың берілуінсіз оқытуды іске асыратын серіктес жоо-лар берген) немесе бір уақытта берілетін бірнеше ұлттық дипломда формасында болады.
- 5.23. Екі білім беру бағдарламасы бойынша бірлескен дипломның формасы екі мамандық бойынша бір уақытта оқыту негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда бір диплом беріледі (немесе, екі мамандық бірге және екі транскрипт әрбір мамандық бойынша жеке көрсетілетін бір жоо-ның, немесе өз жоо-сының транскриптпен берілетін бір дипломы мен формасы серіктес жоо-лардың келісімімен анықталатын транскрипті бар екінші бірлескен диплом беріледі).
- 5.24. Әр түрлі мәртебеге ие екі дипломның формасы екі әр түрлі білім беру бағдарламасы бойынша оқыту (сэндвич-бағдарламалар) негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда, өз жоо-сының транскрипті бар бір негізгі дипломы беріледі. Екінші мамандық бойынша білім алушы қосымша түрде екінші академиялық дәреженің берілуі туралы диплом (сертификат) және формасы серіктес жоо-лардың келісім бойынша қабылданатын транскрипт беріледі. Бірдей мәртебеге ие екі дипломның формасы бір мамандық бойынша оқыту негізінде іске асырылады. Бұл жағдайда, өз жоо-сының да, серіктес жоо-ның да бірдей мәртебеге ие транскрипттары бар екі диплом беріледі.
- 5.25. Білім алушылар қазақстандық жоо-лардың дипломдарымен бір уақытта алған шетелдік серіктес жоо дипломдары Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес мойындалады.

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 8 из 22

6. БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖӘНЕ ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ШЕТЕЛГЕ ОҚУҒА ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Серіктес жоо-да оқыту академиялық ұтқырлық шеңберінде іске асырылады.
- 6.2. Бакалавриат пен магистратураның қос дипломдық білім беру бағдарламалары бойынша шетелге оқуға жолдау төмендегілердің негізінде іске асырылады:
- 1) халықаралық келісімшарттар (халықаралық бағдарламалар, келісімдер, меморандумдар және қызметтестік туралы шарттар, алмасу және стипендиялық бағдарламалар);
 - 2) М.Қозыбаев атындағы СҚМУ және шетелдік мемлекеттер арасындағы келісімшарттар;
 - 3) университет пен Қазақстан Республикасының өзге Білім ұйымдарының арасындағы шарттар.
- 6.3. Үміткерлер оқуға іріктеу критерийлерінің ескерілуімен өз қаражаттарының есебінен жолданады.
- 6.4. Үміткерлерді іріктеудің негізгі критерийлеріне төмендегілер жатады:
- 1) академиялық кезеңді аяқтау нәтижелері бойынша GPA орташа ұпайы мен ағымдағы үлгерім;
 - 2) шетел тілін білу деңгейі.
- 6.5. Шетелге оқуға жолдау үшін академиялық ұтқырлық және көп тілді білім беру бөлімі келесі құжаттарды қабылдау және жинақтауды жүргізеді:
- 1) шетелде оқу үшін өтініш-негіздеме (еркін түрде);
 - 2) Б қосымшасына сәйкес формада шетелге оқуға шығатын Қазақстан Республикасы азаматының толтырылған сауалнамасы;
 - 3) жеке куәлігінің және/немесе ұлттық төлқұжаттың көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариалдық түрде куәландырылған болуы керек);
 - 4) білім алушының ағымдағы транскрипті;
 - 5) бар болған жағдайда, шетел тілін білетіндігін растайтын сертификат (IELTS, TOEFL, HSK);
 - 6) медициналық анықтама;
 - 7) бар болған жағдайда, мақтау қағаздарының, сертификаттардың, дипломдардың, алғыс хаттардың көшірмелері;
 - 8) кафедра меңгерушісінің және факультет деканының ұсыныс хаттары;
 - 9) таңдалған зерттеу тақырыбы бойынша эссе (қажет болса немесе серіктес жоо талабы бойынша);
 - 10) бар болған жағдайда, ғылыми жарияланымдарының немесе оқу-әдістемелік/ғылыми эзірленімдерінің тізімі (магистратура бағдарламасы бойынша білім алуы үшін);
 - 11) білім алушы эдвайзермен бірлесе отырып құрастырған, мамандық бойынша тіркеуші кеңсесінде келісілген және факультет деканы/ ТжӘИ директоры бекіткен жеке оқу жоспары;
 - 12) үміткерді академиялық ұтқырлық шеңберінде екі айдан аспайтын кезеңге шетелге оқуға жіберуге ата-аналарының (қамқоршыларының, заңды өкілдерінің) жазбаша келісім (18 жасқа толмаған тұлғалар үшін).
- 6.6. Шетелдік және отандық ЖОО-ларда бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша білім алу туралы толық ақпарат университеттің ресми сайтында орналастырылады.

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 9 из 22

- 6.7. Бакалавриат және магистратураның қос дипломдық білім беру бағдарламасын іске асыру аясында өз қаражаты есебінен шетелге шығатын студенттерді жолдау мерзімдері әрбір жағдайда қабылдаушы жоғарғы оқу орнындағы академиялық кезеңнің басына сәйкес жеке анықталады.

7. БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- 7.1. Университеттің қос дипломдық білім беру және бірлескен білім беру бағдарламалары төмендегілердің есебінен қаржыландырылуы тиіс:
- Университеттің бюджеттен тыс және бюджеттік қаражаты;
 - жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі білім беруді қолдау және дамыту қоры;
 - серіктес жоо-ның бағдарлама бойынша қаражаты;
 - Университеттің алуы қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік және жеке қорлардың қаражаттары, өзге демеушілік қаражаттары;
 - білім алушының жеке қаражаты.
- 7.2. Серіктес жоо-да білім алудың төлемі жасалған келісім негізінде іске асырылады.

8. ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Өзгертулер мен толықтыруларды бекіту тәртібі ПРО СКМУ 401-14 Ішкі нормативтік құжаттамада анықталған.
- 8.2. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды: Бағдарламаны орындауға тартылған кафедралар, факультеттер/ТжӘИ, құрылымдық бөлімшелер, ректорат, Ғылыми кеңес іске асырады.

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 10 из 22

ҚОСЫМША А

**М.Қозыбаев атындағы
СҚМУ ректорының м.а.,
э.ғ.д., профессор
С.М.Өмірбаевқа**

ӨТІНІШ

Қос дипломдық білім беру / бірлескен білім беру бағдарламасына қатысуға жіберуді сұраймын.

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ қос дипломдық білім беру және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы Ереженің негізгі талаптарымен таныстым және оларды орындауға міндеттелемін.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығын растаймын.

ГРА: _____

Мамандық: _____

Оқу жылы: _____

Факультет: _____

(қолы)

(Білім алушының Т.А.Ә.)

КЕЛІСІЛДІ:

(қолы)

(Каф.меңгерушісінің Т.А.Ә.)

(қолы)

(деканның / ТжӘИ директорының Т.А.Ә.)

Петропавл, 2016

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 11 из 22

ҚОСЫМША В

Бірлескен білім беру бағдарламасын титулдық беті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті
БЕКІТЕМІН:
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ректоры
_____ С.М.Өмірбаев
" ____ " _____ 2016 ж.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Серіктес жоо
БЕКІТЕМІН:
Серіктес жоо ректоры
_____ ТАӨ
" ____ " _____ 2016 ж.

БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындау бағыты: мамандықтың (серіктес жоо-ның) шифры, атауы
_____ (ҚР)
(мамандық шифры, атауы)
«бірлескен білім беру бағдарламасының атауы»

Серіктес жоо,
Петропавл (Қазақстан), 2016

	Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева	Изменение пунктов	Издание: первое
	Внутренний нормативный документ	ВНД СКГУ 73	стр. 12 из 22

ПОЛОЖЕНИЕ О РЕАЛИЗАЦИИ СОВМЕСТНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ И ДВУДИПЛОМНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СКГУ им. М. КОЗЫБАЕВА

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 1.1. Настоящее Положение определяет порядок, условия, процедуру организации и реализации совместных образовательных программ и двудипломного образования.
- 1.2. Настоящее Положение содержит описание результатов обучения на основе Дублинских дескрипторов и компетенций, определение общих и предметных компетенций, требования к разработке образовательной программы по модульному принципу.
- 1.3. Настоящее Положение применяется руководителями структурных подразделений, профессорско-преподавательским составом, сотрудниками и обучающимися Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева.
- 1.4. Целью двудипломного образования (ДДО) является развитие практической интеграции казахстанской высшей школы в международное образовательное пространство. Данное направление отвечает стратегическим интересам развития вуза с точки зрения повышения качества образования, научных исследований, конкурентоспособности университета в мировом образовательном пространстве и соответствует основным принципам и положениям Болонского процесса.
 - 1.1. Программы двудипломного образования необходимо реализовывать в различных формах:
 - 1) совместный диплом по двум образовательным программам;
 - 2) два диплома, имеющие различный статус;
 - 3) два диплома, имеющие одинаковый статус.
 - 1.5. Совместная образовательная программа (СОП) - это опыт совместной работы специалистов сферы профессионального образования Республики Казахстан и других стран в области повышения качества подготовки и востребованности выпускников университета на рынке труда специалистов (Приложение В).
 - 1.6. Отличительными характеристиками СОП высшего и послевузовского образования являются:
 - усиление фундаментальной и гуманитарной подготовки обучающихся;
 - изменение соотношения теоретического и практического обучения;
 - усиление ориентации обучаемых на овладение новыми информационными технологиями и компетенциями.
